Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 363-364

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ҚОЛҒА АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Жасанова А.С.

Ауыл шаруашылығы материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және орман шаруашылығы да кіреді. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру және ұжымшарлар жүйесін қайта жаңғырту оң нәтиже берді. Жерге байланысты құқықтық қарым-қатынас жүйесі өзгерді, баға, несие, қаржы саясаты реформаланды, басқару механизмі жеңілдетілді. 1997 жылы Қазақстанда жалпы саны 72335 ауыл шаруашылығы құрылымдары жұмыс істеді. Оның 1847-сі шаруашылық серіктестіктері, 601-і акционерлік қоғамдар, 3714-і өндірістік кооперативтер, 65 мыңнан астамы шаруа қожалықтары, 192-сі мемлекеттік кәсіпорындар.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру меншік нысанын ғана өзгеріске ұшыратып қойған жоқ, сонымен бірге оларды жедел дамытуға, өндірісті қайта құруға, тауарлы өнім өндіруді арттыруға мүмкіндіктер тудырды. Ауыл шаруашылығы салалары бойынша жалпы өнім құны 305, 4 млрд. теңгеге жетті (1997). Оның 41,5%-і мал шаруашылығы үлесіне тиеді. Сонда да елімізде ауыл шаруашылығы өнімін шетелден әкелу әлі күнге басым болып келеді, отандық өнім шығару оны дамыту қолға алынбаған. Қазақстанда 1998-2002 жылдары импорттық азық-түліктің бөлшек саудадағы үлесі барлық айналымның 40% құрады. Жалпы тұтынудағы импорттың үлесі: ет және өнімдері 34 %, сүт өнімдері - 18 %, қант шикізатын қосқанда) –72 %, өсімдік майы - 41 % болды. Импорт құрылымы шұғыл өзгеріді. Қазақстан жылдар өткен сайын дайын мал өнімдерін импорттан көптеп алып келуде.

Қазақ елі ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жеке меншік иелері мен жер иеленушілердің қарамағындағы 149,1 млн. га жер бар. Оның 25,7 млн. га-сы егістік, 3,6 млн. га-сы шабындық, 103,5 млн. га-сы жайылымы. Осындай жайылым жерлер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердердің басым сондықтан мал шаруашылығы саласына аса көңіл бөліу, заманауи әдістерді қолданау, табиғи өнімді өз елімізде өндіру және шетелді де қамтамасыз ететіндей жағдайға жеткізу қажет.

Қазіргі нарықтық экономикада барлық күнделікті қолданатын ет, сүт тағамдарына басқа да өнімге баға шарықтап тұр, қарапайым халықтың оған қалтасы көтермейді. Еліміз тәуелсіздік алғалы 20 жылдан асты ТМД елдерінің

арасында сөз жоқ еліміз жоғары мәртебеде, экономикасы қалыпты дейміз, ендеше неге қарапайым қолда бар нәрсені іске асырмаймыз? Қолда бар шикізатты қолдана білмейміз.

Мұның себебі, әлемдік нарықта мал өнімдері аз монополизацияланған және оның бәсекелестігіне кедергі болатын бағаның өсуі болып табылады. Отандық мал шаруашылығының кенжелеп қалуы, өнімділігінің төмен болуы, малдарды күтіп-ұстаумен азықтандырудағы қарапайым технология қолданылуы, мұңда шығын дамыған елдерге қарағанда 2-3 есе жоғары, мемлекет тарабынан қолдап, даму саясатының өз дәрежесінде болмауы, салаарық бәсекелестік деңгейінің төмендігі – Қазақстанда осы саланың құлдырауына әкелді. Қазақстанның ішкі нарығында арзан шет елдік импорттық азық-түлікпен тез арада толтыру бір жағынан азық-түлікті қол жетерлік жасады, ал екіншіден отандық аграрлық өндірістің беделін түсіру факторы болып отыр.

Экспорттаушы – елдер экспорттық субсидияны қолдана отырып, азық-түлікті нақты бағасымен салыстырғанда төмен береді, көп сатып алушыға жеңілдіктермен, сондай-ақ ақшалай жеңілдіктер мемлекеттің ауыл шаруашылық өнімдерін артық сатып алуға береді.

Дамушы елдерден азық-түліктің кең ассортименті төмен сапалы, немесе қалыптасқан өндірістің жанама өнімдері, арзан тауарлар (АҚШ тауық еттері, майлы еттер т.б.) келеді.

Яғни бәсекеге қабілетті ел болу үшін, отандық өнім шығару үшін алдымен өзіміздің кәсіпкелерді қолдау қажет, егістік және жайылым жерлерін дұрыс, тиімді пайдалану қажет.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2012-2014 жылдарға көзделген айналымға енгізілген ауыл шаруашылығы алқаптарын түгендеу басталған болатын. Түгендеу барысында әсіресе егістік жерлер тиімсіз пайдаланылғаны жөнінде сонымен қатар оның біраз бөлігі жарамсыз деп танылған, бұл жерлердің көбісін шаруа қожалықтары тиімсіз пайдаланып келген. Енді алдағы мақсат бұл жерлерді қайта ауыл шаруашылығы айналымына енгізіп тиімді пайдалану яғни егістік жерлердің сапасын сақтап қалу, сонымен қатар келер ұрпаққа құнарлы күйінде жеткізу. Тозығы жеткен ауыл шаруашылығы саласындағы техниканы да қайта жаңғырту қажет, осы саладағы жас мамандарымызды тәжірибелі мамандардан курстан өткізу, қажет болған жағдайда шетелге білім алуға жіберу. Қолжетімді бағамен отандық өнім алу үшін алдымен ауыл шаруашылығы саласына жіті көңіл бөлу керек, қаржыландыру қажет, шикізатты қайта өңдейтін зауыттарды өз жерімізде салуымыз қажет. Сапасыз арзан шетел өнімінен арылып, табиғи, қолжетімді бағамен отандық өндірушіден сапалы тағам пайдаланған тиімді әрі, пайдалы болар еді.

Ғылыми жетекші: Б. Мүтәліпқызы, э. ғ. к., доцент